

ЛОКОМОТИВЫ ҚТЖ ПРОДОЛЖАЮТ ОБОРУДОВАТЬ ВИДЕОРЕГИСТРАТОРАМИ НАРУЖНОГО И ВНУТРЕННЕГО НАБЛЮДЕНИЯ ДЛЯ ФИКСАЦИИ ЭКСТРЕННЫХ ТОРМОЖЕНИЙ, НЕГРАФИКОВЫХ СТОЯНОК И НЕСЧАСТНЫХ СЛУЧАЕВ. В ДАННЫЙ МОМЕНТ СИСТЕМА ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ ФУНКЦИОНИРУЕТ НА 347 ЛОКОМОТИВАХ. ОНА ПОЗВОЛЯЕТ КОНТРОЛИРОВАТЬ РАБОТУ МАШИНИСТОВ, ПРОИЗВОДИТЬ ФИКСАЦИЮ ЭКСТРЕННЫХ ТОРМОЖЕНИЙ И НАЕЗДОВ И УСТАНОВЛИВАТЬ ПРИЧИНЫ ИХ СОВЕРШЕНИЯ.

Марат ШАКЕНОВ,  
директор департамента безопасности движения  
АО «НК «Қазақстан темір жолы»



№43 (2973)  
21/05/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – Жамбыл жүк тасымалы филиалы «Еңбек кодексі: Жұмысшының мүддесі үшін» атты республикалық семинар ұйымдастырды. Тараз қаласында өткен семинарға барлық өңірден келген вагон пайдалану деполарының бас инженерлері мен еңбекті қорғау саласына жауапты мамандар қатысты.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,  
Жамбыл

Жиынды ашқан «ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас инженері-техникалық саясат департаментінің директоры Рамазан Садырқұлов өндірістік саладағы ең маңызды мәселе еңбек қауіпсіздігін талқылайтын бүгінгі семинарда жауапты мамандардың жауапкершілігін арттыруға баса мән берілетінін атап өтті.

– Біз еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жұмыстың тиімділігін арттыруға назар аударып отырмыз. Әдетте еңбек қауіпсіздігінің талаптарын түсіндіретін жиындарға бас инженерлерді шақыртсақ, олар еңбекті қорғау ісіне жауапты жетекші инженерлер немесе инспекторларды бірге ала келеді. Әрі қарай жұмыс барысында барлық жауапкершілік соларға жүктеліп жатады. Еңбек қауіпсіздігі мәселесіне ең бірінші бас инженерлер жауапты. Сондықтан алдымен жаңа ереже-талапты солар түсініп, оны өндірісте қалай жүзеге асырылатынын қадағалауы керек, – деді Рамазан Болатбекұлы.

Жамбыл бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Сәуле Қожанбекова өндірісте кездесетін кәсіби аурулар және оның алдын алу шаралары туралы баяндама жасады. Баяндамашы өз сөзінде өндірістік сырқаттардың эпидемиологиялық салдарын түсіндірді.



Ал Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» Жамбыл облыстық филиалының бас сарапшысы Айғайша Қадырбекова қолданыстағы заң талаптарын тарқатып айтты. Бас сарапшы баса көңіл бөлген мәселелер – заңға енгізілген өзгерістер мен жүргізілетін аттестацияның басты қағидалары.

Семинарға қатысушылар тарапынан бас сарапшыға өндірісте кездесетін оқис жағдайларға байланысты еңбекті қорғаудың талаптары бойынша көптеген сұрақтар қойылды. Маман заң шеңберінде қарастырылатын ереже мен міндеттемелерге сүйене отырып, түйткілді мәселелерді шешуге болатынын түсіндірді.

(Жалғасы 2-бетте)

### 81,5 МЛН ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ

2024 жылдың қаңтар-сәуір айының қорытындысы бойынша ҚТЖ желісінде жүктерді тасымалдау 81,5 млн тоннаны құрады. Экспортқа 27 млн тоннасы жөнелтілді. Ел ішінде тасымалдау 3,7%-ға, 54,4 млн тоннаға дейін өсті.

Төрт айда 33,6 млн тонна тас көмір тасымалданды. Оның ішінде қазақстандық тұтынушыларға жеткізілгені – 25,5 млн тонна. Ал экспортқа 8,1 млн тонна қатты отын жөнелтілді. Теміржол көлігімен 3 млн тоннадан астам астық тасымалданды, оның 2,3 млн тоннасы экспортқа бағытталды. 2024 жылғы қаңтар-сәуірде мұнай жүктерін тасымалдау 2023 жылғы көрсеткішке қарағанда 1,6%-ға, 6,2 млн тоннаға дейін, қара металдар 6,4%-ға, 1,4 млн тоннаға дейін, темір рудасы мен марганец 11%-ға, 6,8 млн тоннаға дейін, түсті кен мен күкірт шикізаты 15,7%-ға, 7,8 млн тоннаға дейін ұлғайды. Сондай-ақ мұнай жүктерінің экспорты 15%-ға, 1,9 млн тоннаға дейін, қара металдар 4%-ға немесе 1 млн тоннаға дейін, химиялық тыңайтқыштар 59%-ға, 460 мың тоннаға дейін, темір кені мен марганец 10,9%-ға, 3,7 млн тоннаға дейін, құрылыс жүктері 22,8%-ға, 119 мың тоннаға дейін өсті.

Нұрбек БЕКЕН

### ЛАТВИЯМЕН ҮНТҮЙМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Латвияға іссапар барысында Қазақстанның Көлік министрі Марат Қарабаев латвиялық әріптесі Каспар Бришкенспен кездесіп, тараптар екі елдің көлік саласының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары туралы пікір алмасып, Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту туралы Меморандумға қол қойды.

«Бүгінгі таңда Қазақстан мен Латвия көлік-транзиттік ынтымақтастықты белсенді дамытып жатыр. Үнтымақтастықтың маңызды аспектілерінің бірі – көлік мәселелері бойынша тұрақты негізде жұмыс істейтін бірлескен жұмыс тобының құрылуы», – деп атап өтті министрлік басшысы.

Министрдің айтуынша, бүгінде Транскаспий халықаралық көлік бағдарының рөлі ерекше. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жүктерді тасымалдау көлемінің екі есе артуы – осының айқын дәлелі. Қазақстан мен Латвия арасындағы екіжақты тауар айналымы көлемі 2023 жылы 356,4 млн АҚШ долларға жетіп, 63%-ға өскен. 2024 жылдың бірінші тоқсанында екі ел арасындағы тауар айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 27%-ға ұлғайып, – 98,5 млн АҚШ долларды құраған.

«Транскаспий халықаралық көлік бағытының әлеуетін арттыру мақсатында инфрақұрылымды және терминалдық қуаттарды жақсарту, порт қуаттарын кеңейту, жылжымалы құрамды ұлғайту, әкімшілік кедергілерді жою және тасымалдаушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл 2025 жылға қарай халықаралық көлік бағытының өткізу қабілетін жылына 10 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді», – деген салалық министрліктің басшысы латвиялық инвесторларды инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп іске асыруға шақырды.

Ұлан ОРАЗ



Ұлыбек ҚОЖАБАЕВ,  
Арыс белгі беру және байланыс  
дистанциясының желілік аппарат  
механигі:

БҰРЫҢҒЫ АППАРАТТАР МЕН ЖЕЛІЛЕРДІ ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАРМЕН САЛЫСТЫРУҒА МҮЛДЕМ КЕЛМЕЙДІ. СЕБЕБІ, УТР-ЖЕЛІСІНІҢ БІРЕУІНІҢ ӨЗІ БІРНеше байланыс түрін қамтамасыз етеді. Яғни талшықты-оптикалық бұл желі дыбыстық немесе бейнебайланысқа шыққан бірнеше абонентті бір мезетте жоғары сапада байланыстыра алады

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА 2024 ГОДА ОТРЕМОНТИРОВАНО СВЫШЕ

3 тыс.

ГРУЗОВЫХ ВАГОНОВ АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС».

БОЛЕЕ

317 тыс.

ПАССАЖИРОВ ПЕРЕВЕЗЛИ ЗА МАЙСКИЕ ПРАЗДНИКИ ПОЕЗДА АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ».

ҚТЖ ПРОВЕДЕТ МОДЕРНИЗАЦИЮ

40

КОМПЛЕКСОВ «ЦИФРОВЫЕ РАМКИ», КОТОРЫЕ ОСУЩЕСТВЛЯЮТ НА СТАНЦИЯХ КОНТРОЛЬ ЦЕЛОСТНОСТИ ПРИБЫВАЮЩИХ И УБЫВАЮЩИХ ВАГОНОВ.

### Конференция ПРЯМОЙ ДИАЛОГ

Современные подходы к эффективному обслуживанию локомотивного парка, локализацию технологий в региональном спросе и перспективные межстрановой промышленной кооперации обсудили на первой международной конференции «Промышленный железнодорожный транспорт: сотрудничество без границ» в Астане.

Любовь РОВБА,  
Астана

Мероприятие собрало более 100 представителей 56 ведущих эксплуатирующих организаций и обслуживающих железнодорожную технику компаний из Казахстана, России, Азербайджана и Грузии. Организатором выступило ТОО «Қамқор Локомотив» (входит в состав ТОО «Қазақстанские транспортные технологии») при поддержке СРО Ассоциации «Промжелдортранс» и «ЛокоТех-Промсервис».

Участники конференции обсудили современные подходы к эффективному обслуживанию локомотивного парка, высокий спрос на сервисные компетенции в их странах, возможности локализации технологий в регионах спроса и выразили готовность к трансграничному сотрудничеству и координации в сфере обслуживания различных видов подвижного состава.

Особое внимание также



уделено вопросам членства в профессиональных ассоциациях и цифровой трансформации.

– Работая на протяженных железнодорожных полигонах «пространства 1520», эксплуатанты нередко сталкиваются с ситуацией, когда экономически, логистически и технологически выгоднее приобрести ремонт и обслуживание техники в соседней стране, – прокомментировал генеральный директор ТОО «Қазақстанские транспортные технологии» Кирилл Торопов. – Наша задача – максимальным числом участников рынка договориться о таких условиях, при которых это

было бы взаимовыгодно и в общих интересах отрасли.

Выступая на пленарном заседании, директор департамента организации ремонта локомотивов ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Елдос Токбергенов проинформировал, что в 2024 году компанией планируется приобретение 145 единиц локомотивов, в том числе 30 единиц электровозов серии КЗ8А, 57 тепловозов серии ТЭ33АС, 36 тепловозов серии ТЭ25КМ и 18 маневровых тепловозов серии ТЭМ11А. Заключен также договор на поставку 100 магистральных и 100 маневровых тепловозов производства CRRC

КНР, в течение этого года ожидается поставка двух магистральных и двух маневровых тепловозов. В 2023 году исключены из инвентарного парка 111 единиц локомотивов, в том числе 12 единиц электровозов ВЛ80, 89 тепловозов и 10 маневровых тепловозов.

– Основными подрядными организациями по сервисному и техническому обслуживанию локомотивов ТОО «ҚТЖ – Сервис» и компания Wabtec, – сообщил Елдос Токбергенов. – Предлагаемые нами требования – это готовность локомотивов на сервисном обслуживании не менее 95%, постоянное улучшение качества ремонта за счет установки новых запасных частей и комплектующих, модернизации ремонтных предприятий и квалифицированных специалистов по ремонту локомотивов.

Он добавил, что встречи в таком формате – отличная возможность для специалистов тягового подвижного состава быть в курсе возможностей локомотиворемонтных предприятий на территории Казахстана.

В свою очередь генеральный директор ТОО «Қамқор Локомотив» Алтай Жуматаев подчеркнул, что компания на протяже-

нии долгих лет сохраняет высокий уровень услуг по ремонту, модернизации и сервисному обслуживанию подвижного состава и уделяет особое внимание развитию персонала и внедрению новых технологий.

– Убежден, что прямой диалог с партнерами, поддержанный и координируемый отраслевыми ассоциациями, будет способствовать выработке оптимальных решений. Уверен, что наше продуктивное сотрудничество будет тем самым сотрудничеством без границ, – отметил он.

По итогам конференции подписан ряд соглашений о сотрудничестве, в том числе между ОЮЛ «СТК «KAZLOGISTICS» и Ассоциацией организаций промышленного железнодорожного транспорта.

Участники мероприятия также посетили филиал ТОО «Қамқор Локомотив» – ЛРД Астана, где ознакомились с производственными мощностями депо и возможностями локализации изготовления локомотивного оборудования. Напомним, ТОО «Қамқор Локомотив» обслуживает электровозы серии ВЛ80, ВЛ40, магистральные тепловозы ТЭ25КМ, маневровые тепловозы ТЭМ-2 собственности ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки».

Фото автора

### НА ПОЕЗДЕ ДО КУРОРТА

Более четырех миллионов пассажиров планирует перевести в курортные зоны предстоящим летом АО «Пассажирские перевозки».

Роман ЛЮБИМОВ,  
Астана

Об этом сообщалось на расширенном совещании руководства АО «НК «ҚТЖ» и АО «Пассажирские перевозки» с туристическими операторами и владельцами баз отдыха по организации летних перевозок в направлении озера Алаколь.

– Железнодорожный транспорт играет ключевую роль в развитии туризма в стране. Мы ежегодно отмечаем увеличение спроса на железнодорожные билеты в направлении Алаколя. В летний сезон количество доступных мест в поездах до этого озера увеличится по сравнению с прошлым годом на 16 тысяч – до 270 тысяч, – от-

метил председатель правления АО «Пассажирские перевозки» Жанибек Тайжанов.

Поезда в направлении озера Алаколь будут курсировать по 12 маршрутам: из Астаны, Алматы, Восточно-Казахстанской и Абайской областей. А также впервые в этом году запустят поезд из Кызылорды. По


10 маршрутам будут следовать составы АО «Пассажирские перевозки», по двум – поезда частных перевозчиков. Национальный перевозчик свои составы преимущественно сформирует из вагонов, оборудованных системой кондиционирования воздуха. Поезда в направлении Алаколя будут останавливаться на популярных для туристов станциях – Жаланашколь, Акши и Бесколь, где созданы все необходимые условия для комфортного и безопасного пребывания пассажиров: увеличены перроны, отремонти-

рованы залы ожидания и кассы. В настоящее время национальный перевозчик ведет активную подготовку подвижного состава к летним перевозкам. Проводятся мероприятия по расконсервации систем вентиляции и кондиционирования воздуха, замене воздушных фильтров, промывке и дезинфекции системы водоснабжения, осмотру и проверке электрооборудования вагонов, обеспечивается покраска тамбуров, титанов, труб систем отопления и других частей, а также наружная обмывка кузовов вагонов.



## СТАНЦИЯ ТІЗГІНІ – ЖАСТАРДА

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



**Жарты ғасырдан астам тарихы бар Атырау станциясына жаңа басшы тағайындалды. Станцияны көп жыл басқарған Алтай Көбегенов зейнетке шыққан соң бұл лауазым екі айдан аса уақыт бос тұрған еді.**

Жуырда комиссия шешімімен Бекжан Жиенбетов станция бастығы болып тағайындалды. 1988 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз станциясында дүниеге келген Бекжан Зайдоллаұлы еңбек жолын 2009 жылы Ақжайық станциясының пойыз қабылдаушысы болып бастаған. Әрі қарай сатылап өсіп қозғалыс саласының барлық баспалдақтарынан өткен: Махамбет станциясында пойыз құрастырушы, станция кезекшісі, кейін пойыз диспетчері, Атырау станциясының бас инженері лауазымдарын атқарды. Ол өз ісін жетік білетін жас мамандар қатарынан саналады. 2009 жылы М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын тасымалдауды ұйымдастыру мамандығы бойынша күндізгі бөлімде оқып бітірген. «Кәсібі бойынша үздік», «Кәсіподаққа 25 жыл» төсбелгілерімен марапатталып, 2019-2021 жылдары ҚТЖ-ның «100 жас есім» қатарына енді. Қазақстан темір жолының ҚТЖ.kz командасында өнер көрсетіп, түрлі мәдени-көпшілік, спорттық шаралардың бел ортасында жүрген белсенді жастардың бірі. 2014 жылы «Ең үздік жас диспетчер» атағына ие болды. Атырау станциясы – ҚТЖ бойынша ең ірі және маңызды станцияның бірі. Бірінші класты учаскелік станцияда 6 жолдан тұратын сұрыптау парк, ұзындығы 1250 метр болатын 10 жол, аз қуаттағы дөңес бар. Жүк және қозғалыс цехтары да жұмыс істейді. Бүгінгі күні станцияда 110 маман еңбек етеді.



Сонымен қатар өңірдегі Махамбет станциясына Мансұр Кеңесов, Сағыз станциясына Серік Сұлтанов станция бастығы болып тағайындалды. Олар да салада біраз жылдан бері еңбек етіп, тәжірибе жинақтап үлгерген, болашағынан үміт күттіретін жастар қатарынан.

*Суретті түсірген автор*

## АВТОТЕЖЕГІШ ЖҮЙЕСІНЕ АРНАЛДЫ

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Астана



**Көкшетау локомотив айналым депосында локомотив бригадалары мен Бурабай курорты вагон пайдалану депосы қызметкерлерінің қатысуымен автотежегіш тақырыбына арналған конференция өтті.**

Іс-шараға Көкшетау айналым депосының бастығы М.Балғоженов төрағалық етіп, жұмыстың жазғы кезенге кіруі қарсаңында тежегіш жүйелерін дайындау, қызмет көрсету, пайдалану бойынша шаралар қабылдау, қызметтер арасындағы өзара іс-қимыл мәселелерін қарастыру, т.т. мәселелер маңызды болып табылатынына тоқталды.

«Теміржол көлігінің сенімді жұмысының басты шарттарының бірі – жылжымалы құрам мен локомотивтің автотежегіш жабдықтарының істен шықпай, қалтқысыз қызмет етуі, машинистер тарапынан автотежегіштерді сауатты басқару», – деді Мұхтар Балғоженов локомотив бригадалары мен вагон шаруашылығы қызметкерлері тарапынан жол берілген бұзушылықтарға бірнеше мысал келтіріп, бұл пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін бұзуға әкелетінін жеткізді. Ал Көкшетау станциясындағы ТҚЖ бастығының міндетін атқарушы Д. Шериязев жұмыс кезінде тежегіш жабдықтың негізгі ақаулары және стандартты емес жағдайлардан шығу туралы сөз қозғады. Жолаушылар пойызы жүріп келе жатқан кезде жіберілген бұзушылықтарға тоқталды. Сондай-ақ жүк вагондарының автотежегіш жабдықтарының тұрақты жұмысына теріс әсер ететін кезең басталатынын, сондықтан пойыздарды сапалы өңдеу мен жөнелтуге дайындауға бақылауды ұйымдастыру жағын жақсартуға қатысты бірқатар факсogramмаларды пысықтағанын атап өтті.

Машинист нұсқаушылар М.Иманбаев, Р.Керженов, Я.Трифонов және вагон шаруашылығының нұсқаушысы Н.Қоңқақов пойыз және маневр жұмысындағы кейбір кемшіліктерге тоқталды. Сонымен қатар жүк пойыздарын жүргізу кезінде локомотив бригадаларының негізгі кемшіліктерін атап өтіп, бұл пойыздардың кешігуіне, ал ол өз кезегінде қаржылық шығындарға әкелетінін мәлімдеді.

Автотежегіш конференция барысында екі кәсіпорынның қызметкерлері арасында пойыздардың қауіпсіздік техникасына, қозғалыс қауіпсіздігіне және жылжымалы құрамға қызмет көрсетуге қатысты нормативтік-техникалық актілерді білу білімін тексерген викторина өткізіліп, онда жеңіске жеткен машинист А.М.Әмірханов, машинист көмекшісі Н.Әшімов, вагон депосының қызметкерлері Ю.Б.Желдыбкин, Ш.А.Рахимжановқа бағалы сыйлықтар табыс етілді.

## ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ



(Соңы, басы 1 бетте)

«Medium clinic» ЖШС-нің өндірістік дәрігері Наталья Федотова жүрек-қан тамырлары ауруларынан болатын инсульт және инфаркт дертінің алдын алуға көрсетілетін жедел көмек шараларына кеңінен тоқталды. Бұл сызқаттардың әлеуметтік-экономикалық маңызы бар екенін тілге тиек етіп, ауру белгілері байқалған жұмысшыға бастапқы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін кешенді ем алу керектігін айтып өтті. «Мысалы, қан қысымы шамадан тыс көтеріліп тұрған адамнан медициналық жолмен тамырдан қан алып, қан қысымын төмендетіп, қауіптің алдын алуға болады. Алайда бұл мұндай жағдай қайталанбайды деген сөз емес. Қайталанбауы үшін арнайы ем-шара қажет», – деді.

Семинарда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Вагон шаруашылығы департаментінің бас инженері Нұрлан Кенесаров пен Жамбыл ЖТ бөлімшесінің бас инженері Дүйсенбек Сыдықов еңбек қауіпсіздігін сақтау және өндірісте кездесетін қатерлердің алдын алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру бойынша

мазмұнды баяндама жасады.

Жамбыл бөлімшесінің бас инженері Дүйсенбек Сыдықов туындайтын қауіп-қатерлердің түпкі себептерін атап өтті. Жамбыл бөлімшесінде атқарылып жүмыстар бойынша көрсетілген видеоролик баяндамашының сөзін нақтылай түсті.

Жалпы, Жамбыл бөлімшесі 3 облыс және Қырғызстанмен шекараласатын аймақтарды қамтитын 1236 шақырым жолда жүк және жолаушылар тасымалын қамтамасыз етеді. Тасымалдың 93 пайызы – электровоз, 7 пайызы – тепловоз арқылы жүргізіледі. Бөлімшеге қарасты 2 локомотив, 1 вагон пайдалану депосы бар. Ал еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін 28 техникалық инспектор бекітілген.

Бөлімшеде 25 қаңтар – 27 наурыз аралығында еңбекті қорғау айлығы жарияланып, мекемелерде жоспардан тыс 92 нұсқа беру жиындары өткізіліп, Сонымен қатар 294 тексеру жүргізіліп, 400-ден астам талапқа сай келмейтін кемшіліктер анықталған. 82 нұсқама берілген. 3062 жұмысшыны қамтыған 263 техникалық дәріс өткізілген.

Есепті мерзімде 1295 арнайы нұсқаулық қағаздары толтырылып таратылған.

– Еңбек қауіпсіздігін сақтауда жауапты мамандарды ынталандыру мақсатында техникалық инспекторлар арасында байқау өткізілді. Сондай-ақ «Қауіпсіз жұмыс орны» тақырыбында видеофильм конкурсы ұйымдастырылды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар, сыйлықтар табыс етілді, – дейді Дүйсенбек Сыдықов.

Семинардың екінші бөлімі өндірісте туындаған қауіп-қатерлердің себептерін талдау-саралауға арналды. Жамбыл бөлімшесіне қарасты ВЧД-27 вагон пайдалану депосының бас инженері Сағидулла Әбиев еңбек қауіпсіздігінің негізгі факторларына талдау жасады. Сонымен қатар ВЧД-25, ВЧД-4, ВЧД-30 вагон пайдалану деполарының бас инженерлері Р.Абубәкіров, Ж.Әліқұлов, Г.Байзақов баяндама жасады.

Вагон шаруашылығы департаментінің бас инженері Нұрлан Кенесаров жасалған сараптама бойынша семинар қатысушыларын ашық талқылауға шақырды. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіптің сақталуы емес, себебін анықтау аса маңызды екенін атап өтті. Практикалық бөлімде бас инженерлер төтенше жағдайда қандай шешім қабылданса, тиімді болатынын талқылап-талдады. Проблемалық мәселелердің шешімін бірлесіп іздеді. Өндірістегі жарақаттануларды азайту жолдары бойынша ұсыныс-пікірлерін талқыға салды. Семинар вагон деполарының бас инженерлері үшін пайдалы әрі тиімді практикалық сабақ болғаны анық.

*Суреттерді түсірген Диас НҮРМАҒАНБЕТОВ*

## СЕМЕЙ ОРМАНЫНДА ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ



**Семейлік теміржолшылар еліміз бойынша тұңғыш рет өткізілген «Өрт-2024» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларға қатысты. Шара Семей-Локоть телімінен, шекара түбіндегі Ауыл станциясынан он шақырым жердегі орманды алқаптың іргесінде ұйымдастырылды.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Командалық оқу-жаттығуға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қалпына келтіру және өрт сөндіру пойыздары департаментінің басшысы Қанат Исмаилов пен бөлімше басшысының бірінші орынбасары Ғабит Есқожанов бастаған теміржолшылар командасы оқу-жаттығуға белсенділікпен қатысып, жоғары дайындықтарын көрсетті. Орман іргесінде жаттығуды үйлестіру жөніндегі республикалық штаб ұйымдастырылған болатын. Оқу-жаттығуға ҚР ТЖМ күштері мен құралдары, орманшылар, әскерилер, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ көпфункционал қызмет орталығы филиалының мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет тобы жұмылдырылды.

Екі күндік іс-шараның алғашқы күнінде жергілікті жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелерінің өкілдері штаб жанындағы жедел топтың жұмысына қатысып, онда өрт қаупі орын алған жағдайда күштік құрылымдардың бірлесіп әрекет етуіне байланысты мәселелер талқыланды. Мақсат –



барлық қызметтік құрылымдардың төтенше жағдайда жоюға дайындығын пысықтау. Ал келесі күнгі оқу-жаттығу шаралары барысында кенеттен басталған орман өртін сөндіру, апат аймағын қоршау, өзге де күштік құрылымдармен бірлесіп әрекет ету бойынша жұмыстар жүргізілді.

Шартты түрдегі оқиға орнына Семей станциясынан 12 адамнан, төрт цистернадан тұратын өрт сөндіру пойызы шұғыл жіберілді. Пойыз өртке қарсы техникалық құралдармен жабдықталған. Ауыл станциясына 100 тонна су мен 5 тонна көбіктендіргіш

жеткізді. Қосымша Аягөз және Өскемен-1 станцияларынан 28 адамнан тұратын тағы екі өрт сөндіру пойызы тартылды. Сонымен қатар Семей жол дистанциясы Ауыл телімінің 40 қызметкері жедел түрде теміржол төсемінің жай-күйіне тексеру жүргізді. Бір бұл емес, шартты түрдегі өрттің таралу қаупіне байланысты жергілікті тұрғындар теміржол көлігімен өрт ошағынан шығарылды. Теміржол арқылы өртті сөндіру үшін қажетті инженерлік техникаларды тасымалдау да жүзеге асырылып, жаттығуға қатысушы өрт сөндіру көліктері қажетті сумен тұрақты түрде қамтамасыз етілді.

Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты мемлекеттік емес өрт сөндіру қызметінің басшысы Мұрат Мұқажановтың айтуынша, жергілікті өрт сөндіру пойыздары кез келген тосын жайтқа дайын. Соңғы даярлық жұмыстары бийлығы көктемгі комиссиялық бақылау кезінде толыққанды пысықталып, бүгінгі іс-шараға сақдай сай дайындықпен келген. – Оқу-жаттығу шеңберінде өткізілген іс-шаралар төтенше жағдайларға жедел жұмылдырылуы тиіс күш-құралдар жөніндегі алгоритмді пысықтауға мүмкіндік берді, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ көпфункционал қызмет орталығы филиалы мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет тобының менеджері Ибрагим Жолмұханов.

Айта кетерлігі, оқу-жаттығу барысында ҚР ТЖМ вице-министрі, генерал-майор Ерлан Нұрпейісов теміржол құрылымының қызметін арнайы тексеріп, жоғары баға берді. Сонымен қатар өткен жылы дәл осы орман алқабындағы өртті сөндіруге белсенді түрде көмек көрсеткені үшін теміржолшылар қауымына алғысын білдірді.

*Суретті түсірген автор*

## ҚҰРЫЛҒЫЛАР КҮТІМІ СЕНІМДІ ҚОЛДА



**Ағымдағы жылдың басынан бері Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы тарапынан қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына әкелген апатты оқиғалар орын алған жоқ. Дистанция басшысы Аман Кубенов жоспарлы жұмыстар кесте бойынша жүргізіліп жатқанын жеткізді.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Дистанцияның техникалық бөлімінің бастығы Нұрлан Жүсіпбаев берген мәліметке сүйенсек, өндірістік жұмыстар кезінде салалас мекемелерге тиісті құрылғылардың жұмыстан тыс қалуы себепті электр күшінің іркілісі бір мәрте тіркеліпті. Жұмыс кезінде негізгі сигнал беру құрылғыларының оқпашылығы, жұмыстан тыс қалуы тіркелмеген, вагондарға жабысып немесе сүйретіліп келе жатқан бөгде заттардың бар-жоғын тіркейтін УКСПС, КГУ құрылғыларының белгі беруі болмаған.

– Белгі беру-байланыс құрылғыларына күнделікті күтім жасала-

ды. Құрылғылар жоспарлы түрде жаңартылып отырғанмен, қызметі маңызды, көнерген құрылғылар ескірген, олар ерекше күтімді қажет етеді. Ауық-ауық жөндеуге түсетін кейбір құрылғылардың «жасы» жиырма жыл мен қырық жыл аралығында. Біздің механиктердің шебер қолдарының арқасында олар әлі күнге жұмыс жасап келеді, күтімді келіссе әлі де қызмет көрсете бермек, – дейді техникалық бөлімнің бастығы.

Айтуынша ЭЦ бағыт шеңбері, АБ перегоны және 600 шақырымға жуық аумақтағы байланыстың кабельдік желілері көптен ауыстырылмағандықтан ескінің көзі жәдігерге айналған.



Көктем шыға дистанцияда жұмыс қызған, техникалық күтім және ағымдық жұмыстар барысында телімдерде кешенді жұмыстар жүргізілген. Мәселен, Қызылорда станциясында 76 бағытталмалық құрылғылардың бағыттаушы қорабы

және 39 бағытталмалық құрылғының СП-6 типті электржетегі ауыстырылған. Осындай жұмыстар дистанцияның Шорнақ пен Жосалы станциялары аралығында да жалғасып жатыр.

*Суретті түсірген автор*



## Учения

## ЗАСЛОН ОСОБО ОПАСНОЙ ИНФЕКЦИИ

Совместные тренировочные учения при выявлении больного пассажира с подозрением на сибирскую язву провели на станции Оскемен-1.

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Цель – совершенствование взаимодействия при возникновении подобных ситуаций, отработка принятых схем оповещения.

Все выглядело по-настоящему. По легенде, проводник вагона № 2 пассажирского поезда «Алтай – Оскемен-1» обратил внимание на мужчину, который жаловался на повышение температуры тела, головокружение, сильно зудящее пятно и отек в области шеи. При его опросе он установил, что больной живет и работает в Усть-Каменогорске, а в Алтай ездил к родителям, чтобы помочь в заботе домашнего скота. Состояние пассажира ухудшилось в пути следования после станции Тургусун. Проводник сообщил об этом случае начальнику поезда и попросил противоэпидемическую укладку, раздал больному и контактному пассажиру медицинские маски и сам воспользовался индивидуальными средствами защиты. Закрыв двери и окна вагона, отключил работавшую систему вентиляции, принял и другие меры по нераспространению инфекции. После

прибытия на станцию Оскемен-1 в вагон не впускали до особого распоряжения специалистов санитарно-эпидемиологической службы. Начальник поезда через машиниста сообщил поездному диспетчеру Семейского отделения магистральной сети о наличии в вагоне больного. Тот передал экстренное сообщение дежурному по Семейскому отделению грузовых перевозок.

Начальник станции Оскемен-1 Даулет Бибулов принял решение об отцепке и стоянке вагона № 2 на санитарно-карантинном тупике. Работники ЛОП и ВЖДО провели его опечение. В вагон вошла эпидемиологическая группа в защитных костюмах. После опроса проводников, сбора эпидемиологического анализа у больного, уточнения списка контактных лиц и разъяснения им важности медицинского наблюдения в стационаре вызвали бригаду медработников ТОО «Железнодорожная больница». Она понадобилась для установки предварительного диагноза. Скорая увезла больного и контактных лиц в инфекционный стационар, и за дело взялись специалисты дезинфекционной бригады



филиала «Национальный центр экспертизы» по ВКО. Облаченные в защитные костюмы со всей необходимой амуницией, они провели заключительную дезинфекцию вагона и купе. После этого защитные костюмы и постельные принадлежности из вагона отправили на камерную обработку.

По данным Восточно-Казахстанского отделенческого управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте, сибирская язва – это особо опасная инфекция. На территории ВКО насчитывают больше 100 заخورенний домашнего скота, погибшего от сибирской язвы. Она может быть смертельной и для человека.

Фото автора

## ДЕЙСТВОВАТЬ ОЧЕНЬ БЫСТРО

На железнодорожном вокзале Караганды прошло тренировочное учение по оценке готовности государственных и железнодорожных предприятий, медицинских учреждений к проведению противоэпидемических мероприятий при выявлении больного с подозрением на особо опасную инфекцию или карантинные заболевания в пассажирском поезде.

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

В учении приняли участие сотрудники управления здравоохранения Карагандинской области, департамента санитарно-эпидемиологического контроля Карагандинской области, Национального центра экспертизы, Линейный отдел полиции на станции Караганда-Сортировочная и другие железнодорожные предприятия.

По словам руководителя Карагандинского отделенческого управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте Амангельды Сагимбекова, согласно легенде, 16 мая 2024 года в 07 часов 47 минут по местному времени дежурному по станции



Караганда-Пассажирская от машиниста пассажирского поезда № 146 сообщением Омск – Караганда поступает сообщение о том, что на месте № 3 вагона № 1 пассажир-

ского поезда находится больной с жалобами на слабость, рвоту, озноб и головную боль, также на обильную и водянистую диарею.

